

Б.М. Мырзабек\* , М.К. Мамбетова 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: myrzabekovabibikhan@gmail.com

## МӘТІН ЛИНГВИСТИКАСЫ: ЖАЛПЫ ШОЛУ ЖӘНЕ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Мақала қазіргі тіл біліміндегі дамып келе жатқан мәтін лингвистикасына арналады. Мақалада мәтін лингвистикасын зерттеген, зерттеп жүрген ғалымдардың зерттеулеріне шолу жасалып, мәтін лингвистикасының өзекті мәселелері талданып қарастырылды. Соңғы жиырма жылдықта шетелдік, сонымен қатар отандық ғылымда зерттеулердің тіл білімінің аталған бағытына деген қызығушылық ерекше қарқынмен артып келе жатыр. Зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне аналитикалық шолу жасалды. Бұл мақалада жинақтау, салыстыру, бақылау, есепке алу, талдау және т.б. әдістер қолданылды. Сонымен қатар, қазіргі таңда мәтін лингвистикасының дамып келе жатқан бірнеше бағыттары қарастырылады. Мәтін лингвистикасының зерттеу нысаны мәтінге байланысты ғалымдардың пікірлері салыстырылып, топтастырылды. Мақалада мәтін лингвистикасын зерттеудің себептері мен қажеттілігі талданды. Бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің зерттелуі мәтін теориясымен байланысты екендігі көрсетілді. Сонымен қатар, әдебиеттерге шолу жасалғанда, мәтін туралы айтылған шетелдік, отандық ғылыми еңбектерден анықтамалар сұрыпталып, жүйеленген нұсқада ұсынылды. Мақалада мәтін лингвистикасының теориялық тұсы қарастырылып, зерттеуде мәтіннің құрылымдық жүйесі қозғалды. Аталмыш мақалада мәтін лингвистикасының өткені, бүгінгі және болашағына сараптама жасалды.

**Түйін сөздер:** лингвистика, мәтін, мәтін лингвистикасы, сөйлеу, тіл, талдау.

В.М. Myrzabek\*, М.К. Mambetova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: myrzabekovabibikhan@gmail.com

### Text linguistics: an overview and key issues

The article is devoted to the development of text linguistics in modern linguistics. The article gives an overview of the research of scholars who have studied and are studying text linguistics, and analyses the current problems of text linguistics. In the last twenty years the interest to the mentioned direction of linguistics has been growing at a special pace in foreign and domestic science. An analytical review of the works of research scientists is made. This article discusses generalisation, comparison, monitoring, accounting, analysis and other methods have been used. In addition, several areas of text linguistics that are currently developing are reviewed. The object of the study of text linguistics was to compare and group the opinions of scholars concerning text. The paper analyses the reasons and necessity of studying text linguistics. It is shown that the study of topical problems is related to text theory. In addition, during the literature review, references from foreign and domestic research papers mentioned throughout the text were sorted and presented in a systematised way. The article deals with the theoretical aspect of text linguistics and touches upon the structural system of text. This article discusses the past, present and future of text linguistics.

**Key words:** linguistics, text, text linguistics, speech, language, analysis.

Б.М. Мырзабек\*, М.К. Мамбетова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: myrzabekovabibikhan@gmail.com

### Лингвистика текста: обзор и ключевые вопросы

Статья посвящена развитию лингвистики текста в современном языкознании. В статье дан обзор исследований ученых, изучавших и изучающих лингвистику текста, а также анализируются актуальные проблемы лингвистики текста. В последние двадцать лет интерес к указанному направлению языкознания растет особыми темпами в зарубежной и отечественной науке. Сделан аналитический обзор работ ученых-исследователей. В этой статье рассматриваются обобщение, сравнение, мониторинг, учет, анализ и другие методы были использованы. Кроме того, рассмо-

Объектом исследования лингвистики текста было сравнение и группировка мнений ученых, касающихся текста. В статье проанализированы причины и необходимость изучения лингвистики текста. Показано, что исследование актуальных проблем связано с теорией текста. Кроме того, при обзоре литературы ссылки из зарубежных и отечественных научных работ, упомянутые по тексту, были отсортированы и представлены в систематизированном варианте. В статье рассмотрен теоретический аспект лингвистики текста, а также затронута структурная система текста. В статье рассматривается прошлое, настоящее и будущее лингвистики текста.

**Ключевые слова:** лингвистика, текст, лингвистика текста, речь, язык, анализ.

## Кіріспе

Ғылымның мақсаты – өз нысанын жан-жақты танып, оның белгісіз сырларын, заңдылықтарын ашып айқындау болып табылады. Ғылымды қызықтыратын нәрсе – әлі шешілмеген, белгілі болмаған, сыры ашылмаған жайттар. Қазіргі уақытта лингвистиканың даму кезеңі антропоцентристік парадигмамен сипатталатын лексика-семантикалық зерттеулердің тереңдігімен ерекшеленеді. Барлық тілдік деңгейлерде зерттеліп жүрген тілдік субъектінің дүниетанымдағы ерекшеліктер лингвистикадағы мақсаттардың бірі болып табылады. Бұл мақалада мәтін лингвистикасының зерттелуі, теориядағы орны және өзекті мәселелері қарастырылды.

Мәтіндерді зерттеудің лингвистикалық аспектісі мәтін құрылысының тілдік бірліктерімен қатар, мазмұнының құрылымы мен коммуникативтік әлеуетін анықтаумен байланысты.

Бүгінгі таңда мәтін лингвистикасы жаңару, даму кезеңін бастан кешіруде. Теориялық мәліметтерге сүйенсек 80-90 жж. нақты мәтіндік категорияларына, бірліктеріне және типологиясына деген қызығушылық біршама төмендегенін байқаймыз.

XX ғасырдың 40-50 жылдары мәтін синтаксисіне, мәтін типологиясына, ауызша мәлімдемелерге артықшылық беріліп, оның коммуникативті-прагматикалық қасиеттеріне тек жеке мақалалар арналды. Тек XX ғасырдың 60-шы жылдарында ғана пәнаралық сипаттағы жұмыстар пайда болды. Лингвистикалық зерттеулердегі мәтіннің алғышарттары және мәтіннің лингвоцентристік теориясының қалыптасуы мен дамуының әртүрлі форматтары талқыланып келеді. Мәтін лингвистикасының пайда болуының алғашқы импульстары З.С. Харрис (1952), кейінірек П. Хартманн (1971), Х. Изенберг (1983), Э. Агрикола (1977), М. Пфюце (1977) және т.б. ғалымдардың зерттеуінен бастау алады.

Сөйлемнің стилистикасын, риторикасын, функционалды перспективалық теориясын мәтін лингвистикасының ізашары ретінде қарастыруға

болады, өйткені бұл пәндер сөйлемнен тыс құбылыстарды анықтауға және белгілі бір қарым-қатынас жағдайында коммуникацияның маңыздылығын түсінуге бағыт береді. Бастапқыда мәтін лингвистикасы жүйелі түрде лингвистиканың мәдениетаралық және тұлғааралық қарым-қатынас саласына қатысты түрлі ұғымдармен шектелді. Қазіргі уақытта мәтін лингвистикасы коммуникативті бағдарланған мәтін грамматикасына айналды. Мәтін грамматикасы мәтіннің өзіндік тұжырымдамасын (оның мәні мәтіннің өзіндік сөйлеуін жүзеге асыру) сөйлеу актісі тұжырымдамасымен немесе кең мағынада сөйлеу тұжырымдамасымен біріктіруге тырысты.

Мәтін лингвистикасын зерттеуде қолданылатын негізгі ұғымдар: «тіл», «сөйлеу», «мәтін», «стиль», болып табылады. Осы ұғымдар төңірегінде өзекті мәселелер шешімін тауып келеді. Бірінші кезекте тіл қарым-қатынас құралы ретінде танылғанымен оның не екендігі, оның мәні емес, не үшін арналғандығы қарастырылады. Қазіргі тіл білімінің ережелеріне сүйене отырып, қарым-қатынас құралы тіл емес, сөйлеу болып табылатындығы айтылады. Сол сөйлеу үшін тілді үйрену қазіргі уақытта өте өзекті екендігі анық.

Мәтін лингвистикасының нысаны біртұтас мәтінді құру ережелері және оның осы ережелермен көрсетілген семантикалық категориялармен сәйкесетін тұтастығын зерттеуді бағыт етеді. Лингвистиканың басқа да бағыттары іспетті мәтін лингвистикасы бастапқы кезеңдерде мәтін семантикасы, мәтін синтаксисі, мәтін прагматикасы болып бөлінді. Мәтін семантикасының зерттеу пәні мәтін мағынасы мен құрылымын анықтау барысында тілдік және сөйлеу аспектілерін ажыратуда нәтижелі бола алды. Ал мәтін синтаксисі мәтін мағынасын білдіретін грамматикалық құралдарды зерттеуге бағытталған.

Мәтіннің экстралингвистикалық функцияларын зерттеумен мәтін прагматикасы айналыса бастады. Мәтін лингвистикасының әрбір саласы өзінің зерттеу орнын тауып қана қоймай, соны-

мен қатар антропоцентристік лингвистиканың негізін қалаушылар Т.А. Ван Дайк (1980) және В.У. Дресслер (1972) еңбектерінде тұжырымдамалық ерекшеліктерге ие болды. Мәтін лингвистикасын Чехияда К. Гаузенблас (1984), Ф. Данеш (1985), М. Гиршова (1989), Я. Гоффманнова (1988) және т.б., ал Словакияда Е. Байзикова (1977, 1981, 1998), Ю. Долник (1998) және Я. Соколова (2012, 2013) және т.б. ғалымдардың зерттеулерінің нәтижесінде мәтіннің коммуникативті қырларын ашты.

Қазақ тілі энциклопедиясында мәтінді – мәтін лингвистикасының нысаны делінген. Себебі, мәтін ол бірігу, байланысу арқылы таңбалардың мағыналық байланысының нәтижесі. Сонымен қатар, мәтін ол – сөйлеу үдерісінің жемісі. Сондықтан да тіл үздіксіз қолданудың барысында пайда болды деседі. Тіл жүйесі сөйлеу үдерісіне өз әсерін тигізеді. Сөйлеудің жазба үлгісі мәтінмен тікелей байланысты. Мәтіннің өзіне тән мәнділігі, тілдік түзілудегі ерекшелігі, қабылдау сипатындағы мәселелер мәтін лингвистикасының зерттеу бағыттарын айқындайды (Қазақ тілі энциклопедия, 1998: 270). Қазіргі таңда мәтін лингвистикасының зерттеу бағыттарын зерттеушілер біршама бөліктерге бөліп қарастырып зерттеуде. Біріншіден, мәтін – тіл жүйесіндегі өзінше бір белгі. Оны тұлға-бірлік ретінде қарастыру. Екіншіден, мәтін типологиясын құрастыру, мәтін түрлеріне қарай. Үшіншіден, мәтінді құрайтын тұлға-бірліктердің ерекше тұстарын айқындау. Төртіншіден, мәтінге ғана тән категорияларды анықтау. Бесіншіден, мәтінді құрастырушы байланыстарды зерттеу болып табылады.

### Материалдар мен әдістер

Мақалада жалпы ғылыми әдістер қолданылды. Мақалада талданып, талқыланған мәселелер қажетті материалдар, фактілер жинақталды. Соның нәтижесінде жинақталған мәліметтер сұрыпталып, талдама жасалды. Зерттеу жұмысында жасалған фактілер негізінде теориялық тұжырымдар мен болжамдар жасалды.

Мақаланы жазу барысында қолданылған әдістер: жинақтау, талдау, топтастыру, сипаттау, салыстыру мәтін лингвистикасындағы өзекті мәселелердің көп екендігін айқындады. Зерттеу жұмысында жинақтау әдісін пайдаланудағы себебіміз: шетелдік және отандық ғалымдардың мәтін лингвистикасына байланысты зерттеу жұмыстары мен еңбектерін жинақтадық.

Аталмыш мақалада мәтін лингвистикасына байланысты шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеу жұмыстары бойынша ақпараттарды жинақтау әдісі жүйелі түрде қолданылды. Жинақталған мәліметтерге аналитикалық шолу жасалып, талдау әдісі арқылы мәтін лингвистикасына байланысты тұжырымдар ұсынылды. Жинақталып, талданған ғылыми ақпараттарды топтастырып, сипаттау зерттеу нәтижелері мен талқылау бөлімінде мәтін лингвистикасының қазіргі таңдағы өзекті мәселелерін жүйелеуде қолданылды. Ал салыстыру әдісі шетелдік және отандық ғалымдардың сұрыпталған еңбектеріне шолу барысында қолданылды. Әдебиеттерге шолу бөлімінде жинақтау, топтастыру және сипаттау әдістері жүйелі түрде қолданылды. Себебі, мәтін лингвистикасына байланысты аналитикалық шолу осы бөлімде зерттеу жұмысын нәтижелі жүргізді. Сонымен қатар, мәтін лингвистикасының зерттеу нысаны мәтінге байланысты айтылған анықтамаларға топтастырылу жасалды. Мақалада қолданылған зерттеу әдістері әдебиеттерге шолу және зерттеу нәтижелері мен талқылау бөлімін ашуда жүйелі жұмыстың нәтижесін ұсынды.

Қазіргі таңда зерттеуді қажет ететін мәтін лингвистикасының бағыттары анықталды. Бағыттар жөнінде кең көлемді ақпарат зерттеу нәтижелері мен талқылау бөлімінде ашылып талданды. Мәтін лингвистикасының дамып келе жатқан бағыттарын анықтап, сұрыптауда бірінші кезекте теориялық ақпараттарды жинақтау мен топтастыру әдістері өте тиімді болды. Мақала тақырыбын ашуда жалпы ғылыми әдістердің қолданысы жүйелі түрде жүргізілді. Ғылыми мақалада қолданылған зерттеу әдістері мақаладағы әр бөлімге нақты мәліметтерді сұрыптауға оңтайлы болды.

### Әдебиеттерге шолу

Кез келген уақыт кеңістігінде өзіндік зерттеу әдістерімен қатар, зерттеуші ғалымдардың жұмыстары сұрыпталып отырды. XX ғасыр зерттеушілерінің ортақ сипаты мәтінді құрылымдық әдістермен зерттеу болды. 1970 жылдардың орта ширегінен бастап мәтінді коммуникативті үрдіс деп қарай бастады. Т. Ван Дейк мәтін лингвистикасының негізін қалаушылардың бірі болды. Оған дәлел ретінде, мәтіннің динамикалық күйін зерттеуді дискурс терминін қолдану арқылы бастады. Кеңестік кезеңде мәтін лингвистикасы-

на байланысты зерттеулер И.А. Фигуровский, Н.С. Поспелов еңбектерінен бастау алады. Мәтін лингвистикасының басты қызметі мәтіннің түрлі аспектілеріне толық, жан-жақты талдау жүргізу. 50-60 жылдар аралығында М.М. Бахтин: «Мәтін бұл кез келген гуманитарлық пәннің ең жоғары сатысы және алғашқы болмысы», – деген тұжырым айтады. Латын тілінен келген ағылшын, француз, орыс тілдеріндегі терминге сай келетін «textum» сөзі – байланыс сөзімен толық сәйкес келеді. Сол себепті, бұл сөзде бірліктердің байланысуы мен реттелу семантикасы бекігендігі аңғарылады дейді зерттеуші ғалымдар. XX ғасырдың 60 жылдарынан бастап мәтін лингвистикасы ақырындап, жүйелі түрде қалыптаса бастады. Жалпы тіл біліміндегі бұл саланың бастауы Г. Лакофф, Р. Харвет, В. Скаличка, Э. Бенвенист, С. Карцевский, З. Шмидт, Т. Николаева, т.б. ғалымдардың еңбектерінде қалыптаса бастады. Қазіргі таңда мәтін лингвистикасы ғылымның жаңа саласы ретінде өз аясын кеңейтіп, түрлі бағыттағы ғалымдардың назарын өзіне аударуда.

Мәтін күрделі зерттеу нысанына жатады. Оның басқа ғылыми пәндермен кең көлемдегі байланысы мен мәтін теориясының пәнаралық мәртебесі мәтін талдаудың сан түрлі әдістерінен туатын пікірлердің жан-жақтылығын байқатады. Сондықтан да мәтінге берілген анықтамалар да көп, кейде бірін-бірі қайталап жатады.

А.А. Потебня тіл білімі тарихында мәтін теориясына қатысты зерттеген алғашқы зерттеушілердің бірі болды. Біз мәтінді өте күрделі жүйеде құрастырылған тілдегі құбылыс ретінде қарай аламыз. Себебі, үздіксіз даму үстінде болатын лингвистиканың жаңа бағыттағы салаларының бірі.

Осы күнде мәтінді әр қырынан, әртүрлі бағытта жан-жақты зерттеу әдебиетшілердің ғана емес, тілші-ғалымдардың да қызығушылығын арттыруда. Бірінші кезекте, мәтіннің болмысы, сөйлеуден айырмашылығы онтологиялық тұрғыда қарастырылса, мәтіндегі объективті шындық гносеологиялық тұрғыда қарастырылады. Ал прагматикада – мәтін авторының объективті болмысы қарастырылады. Ал лингвистикалық тұрғыда тілдік ұйымдасудың маңыздылығы жүйеленіп, айқындалады.

Мәтін лингвистикасы структуралы лингвистиканың ақырындап кейін жылжуымен, функционалды лингвистикамен қатысым теориясының байланысының нәтижесінде қалыптаса бастады. Қазіргі таңда тіл білімінің

іргелі салаларының бірі. Себебі, мәтін лингвистикасы арқылы мәтіннің лингвистикалық заңдылықтарын ашуға болады деген ой-тұжырымдарды тілші-ғалымдар білдіруде (Қазақ тілі энциклопедия, 1998: 270).

Мәтінге байланысты айтылған ғалымдардың тұжырымдары сан түрлі, алайда бір жүйелі анықтамаға саяды. З.Я. Тураеваның айтуы бойынша мәтін ол – сан түрлі лексикалық, грамматикалық байланыстардан құралған күрделі тұртастық деп қараса (Тураева, 1986: 11), А.И. Новиков, Н.И. Жикиннің тұжырымдамасында мәтіндегі тіл, сөйлеу, интеллект факторы бір-бірімен өзара байланысқан біртұтас кешен, әрі мәтіннің басты белгісі сыртқы және ішкі формалардың бірлігі деседі. Сыртқы форманы – тікелей қабылдану арқылы ұғынылатын тілдік құралдардың жиынтығы мен автордың түпкі ойын жүзеге асыратын мазмұндық жағы деп қараса, ал ұғынылатын нәрсе оның ішкі формасын құрайды дейді. Ішкі форма – берілген барлық тілдік құралдардың жиынтығымен тұтастай сай келетін, адамның ақыл-ойында жүзеге асырылатын ойлаудың белгілі бір түзілісі деген тұжырым келтіреді (Новиков, 1983: 4-5).

Ғалым М.М. Бахтин мәтінді объективті әлемнің субъективті бейнесі (Бахтин, 1986: 308) және кең мағынасында екі сананың қарым-қатынасқа түсуінің бір жолы деп анықтады. Ал Г.В. Колшанскийдің тұжырымында мәтін – сөйлемдердің тәртіпсіз жай ғана тізбегі емес, ол – қарым-қатынастың тұлғалық және мағыналық бірлігі екендігі баса назарға алынған (Колшанский: 1980, 65)


Мәтін – өз табиғатынан бір жақсы процесс емес дейді И.П. Сусов. Себебі, Бір жағынан, ол тілдік жүйенің негізгі бірлігіне, яғни тар мағынада тілге жатады, ал екінші жағынан, қарым-қатынас әрекетіне жатады, бұл кең мағынада делінеді. Сусов, 1979: 90-91). Мәтін тілдік қатысым мен тілдік жүйенің арасынан орын алатын жай ғана нысан еместігі жөнінде де өз ойым Сусов келтіріп өтеді (Сусов, 1979: 90-91).

И.Р. Гальперин жасаған тұжырымы бойынша мәтін – бұл жазба құжат түрінде объектіленген сұрыпталған, тақырыбы бар тұтастық. Сонымен қатар Гальперин лексикалық, грамматикалық, логикалық, стилистикалық амал-тәсілдердің бір-бірімен байланысы прагматикалық мақсатта ерекшеленген тұлға-бірліктерден (күрделі фразалық тұтасым) тұратын аяқталған сөйлеу әрекетінің туындысы деген анықтама береді (Гальперин, 1981: 18). Ал, 50-60 жылдар аралығында

М.М. Бахтиннің айтуы бойынша мәтін – бұл кез келген гуманитарлық пәннің ең жоғары сатысы және алғашқы болмысы деген тұжырымды ұсынады.

Қазіргі таңда мәтін лингвистикасына байланысты көптеген монографиялар мен мақалалар жарық көріп, оқу құралдары жазылуда, конференциялар мен симпозиумдар өткізілуде. Мәтін

лингвистикасын зерттеуге деген қызығушылық ғалымдардың пікірталастарының нәтижесінен туындады. Соның нәтижесі лингвистикадағы жаңа бір сала пайда болып, өз зерттеу жұмысын жүргізуде. Себебі жоғарыда айтып өткеніміздей мәтін лингвистикасының зерттеу нысаны ол – мәтін. Төменде көрсетілген диаграммада мәтінді зерттеу көрсеткішін аңғара аламыз.



1-диаграмма – Мәтін лингвистикасының хронологиясы.

Мәтінді зерттеуге деген қызығушылық қазіргі тіл білімінің басты мәселелерін назарға алып отырғандығы байқалады. Тілді жаһандану заманындағы ғаламдық құбылыс ретінде қарап, қарым-қатынас құралының біртұтас құралы ретінде түсіндіру. Сонымен қатар, мәтін арқылы іске асатын адамның түрлі іс-әрекеттерінің тілімен байланысын терең зерттеуге ұмтылыс екендігі аңғарылып, түсіндіріледі.

Соңғы лингвистикалық зерттеулерге сүйенетін болсақ, мәтін лингвистикасын зерттеушілер саны артып келеді. Мәтін лингвистикасына байланысты 2000 жылдардан бері қарай зерттеуші-ғалымдардың ғылыми мақалалары мен еңбектері басылып шыға бастады. К.А. Филиппов «Мәтін лингвистикасы» (2003), Д.У. Ашурова «Мәтін лингвистикасы» (2011), Н. А. Николина (2007), С.В. Гринев (2000), сонымен қатар, мәтін лингвистикасының қазіргі таңда зерттеушілердің назарын өзіне аударып отырған, мәтіннің бейімделуі жөнінде С.В. Первухина зерттеу жұмыстарын мәтін лингвисти-

касында жан-жақты қараса, аударма саласында Н.А. Фененко сынды зерттеуші-ғалымдар ғылыми жұмыстарын жариялауда. Қазіргі таңда мәтін лингвистикасындағы бейімделген мәтіндер әлемдік тіл білімімен қатар, отандық тіл білімінде өзекті. Мәтін лингвистикасының хронологиясын зерттеу нәтижелері мен талқылауда кеңінен аштық. Отандық ғалымдар мен шетелдік ғалымдардың зерттеу жұмыстарын топтастырып, талдама жасадық.

Осы күнгі тіл біліміндегі қызығушылықтың мәтін арқылы тілдің әрқашан қозғалыста болатындығы байқалуда. Сөйлемнен гөрі тілдік бірліктер арқылы сан қырлы тіл болмысын меңгеруге деген ұмтылыс, қозғалыста ғана мәні ашылатын заңдылықтарын меңгеру арқылы түсіндіріледі. Мәтін жасау қызметі – тілдің негізгі қызметі мен зерттеу нысаны ретінде қарастырылады. Мәтінді қарқынды зерттеу тілдесім лингвистикасындағы коммуникацияға деген назардың күшеюіне ықпал етеді.



## Нәтижелер мен талқылау

Мәтін туралы білімді тереңдету, мәтін ге жан-жақты қырдан әртүрлі көзқараспен қарау, әлбетте мәтіннің жаңа анықтамаларына әкеледі. Бұл таңқаларлық жаңалық емес. Мәтін сияқты күрделілігі жоғары нысан әртүрлі тәсілдердің тақырыбы болуы мүмкін.

Белгілі бір анықтамаға артықшылық бере отырып, зерттеу бағытын басшылыққа алу керектігі анықталды.

Алдымен айтылатын нәрсе ол, мәтінді зерттеу арқылы тіл мен сөйлеу арақатынасы айқындалады, кейін табиғаты анықталады. М.М. Бахтиннің тілдік жүйе әрбір мәтіннің сыртында тұрады деген тұжырымы: тілді қолдану негізінде мәтіннің пайда болғандығы аңғарылады. Тіл мен сөйлеу мәтінлингвистикасында бір-бірімен тығыз байланыста қарастырылғандығы байқалады. Мәтін лингвистикасы мәселесімен айналысатын зерттеуші ғалымдар сөйлеу мен тілдің, сана мен тілдің, тіл мен қоғамның, мәдениеттің өзара байланысы сынды мәселелерге қарасты қазіргі теориялық лингвистиканың өзекті мәселелері анықталып қарастырылуда. Мәтіндік деңгейдегі сөйлеуді жүзеге асыру барысында ауызша және жазбаша формалардың ерекшеліктері талдануда. Синтагматикалық және парадигматикалық тілдік бірліктерді ұйымдастыру мәселесі қарастырылуда. Мәтіндердің семантикасының интегралдық және дифференциалды белгілерінің бөлінуі де қаралып жүр. Мәтіндердің жаңа контекст жағдайларына бейімделуі іспетті өзекті мәселелер мәтін лингвистикасында қарастырылып жүр.

Мәтін лингвистикасының филологияның жеке саласы ретінде қалыптасуы қазіргі лингвистикалық ғылымның бүкіл даму барысын көрсетеді. Мәтін – бұл барлық гуманитарлық-философиялық ойлаудың бастапқы беріктігі және бұл пәндер тек қана туындауы мүмкін тікелей шындық деп (Бахтин, 1979: 281) кеңес ғалымы М.М. Бахтин айтқан бұл ой мәтіннің лингвистикасы деп аталатын тіл білімінің жаңа саласы үшін бағдарламалық жасақтамаға айналды. Онымен әйгілі неміс зерттеушісі З. Й. Шмидт, ол мәтіннің бастапқы берілген, негізгі категория екенін жазды (Шмидт, 1978: 91). Лингвистикалық зерттеулердің альфасы мен омегасы ретінде мәтін туралы мәлімдемелерді біз қазіргі лингвист ғалымдардың көптеген еңбектерінен табамыз (Вейнрих, 1978, 371). Мәтін теориясы саласында неміс лингвисті

П. Хартманн өз еңбектерінің бірінде мәтін лингвистикасы жөнінде пікір білдіреді. Ол, қазіргі таңда мәтінді зерттеуге айқын бағытталған лингвистиканың бар екендігін жазды. Лингвистикадағы бұл сала тілдік зерттеулердегі озық нұсқаның бірі екендігін айтты. Сонымен қатар, лингвистикадағы қызығушылық ауқымының кеңейгендігін және де барлық лингвистикалық идеяларды қамтитын саланың ашылғандығын алға тартып, өте жақсы тұжырым білдірді (Hartmann, 1971: 9-29).

Мәтінді зерттеуге деген қызығушылық қазіргі тіл білімі тұрғысынан ғаламдық құбылыс ретінде, коммуникацияның тұтас құралы ретінде түсіндіруге, тілдің мәтін арқылы жүзеге асырылатын адам қызметінің жеке аспектілерімен байланысын тереңірек зерттеуге деген ұмтылысқа байланысты. Бұл қызығушылық мәтін арқылы мәңгілік тірі және көп қырлы тілдің болуын білуге, сөйлемнен үлкен сегменттерде тілдік бірліктердің жұмыс істеуі кезінде ғана ашылатын оның заңдылықтарын түсінуге деген ұмтылыспен түсіндіреді. (Хэллидей, 1978: 139). З.Я. Тураева «Мәтін лингвистикасы (мәтін: құрылым және семантика)», А.И. Новиков «Мәтін семантикасы және оның формализациясы», М.М. Бахтин «Тіл біліміндегі, филологиядағы және басқа гуманитарлық ғылымдардағы мәтін мәселесі», Г.В. Колшанский «Контекстік семантика», И.П. Сусов «Мәтін мазмұнын зерттеудің екі әдісі туралы» И.Р. Гальперин «Мәтін лингвистиканың зерттеу нысаны ретінде», З.Ж. Шмидт «Мәтін» және «тарих» негізгі категориялар ретінде», Х. Вайнрих «Француз мақаласының мәтіндік қызметі» М.А.К.Халлидей «Сөйлемнің функционалдық перспективасының» (FPP) лингвистикалық сипаттау жүйесіндегі орны» атты ғылыми еңбектері мен зерттеу жұмыстары жинақталып, сұрыпталды. Мәтін өте күрделі құбылыстардың бірі. Сондықтан да мәтінді зерттеу күні бүгінде зерттеуде өзектілігін жоғалтпады. Себебі мәтін үздіксіз даму үстінде болады. Осының арқасында біз мәтіннің жан-жақты қырының зерттеліп, анықталуының нәтижесінде тіл туралы ғылымның жаңа салаларының бірі екендігін аңғарамыз.

Қазақ тіл білімінде Р. Сыздық, Т. Қордабаев, Б. Шалабай, М. Серғалиев, Б. Мүсрепова, С. Құнанбаева, Ж. Жакупов, О. Бүркіт, А. Жұбанов, З. Ерназарова, С. Мұстафина, Г. Әзімжанова, Н. Құрманова, К. Мұхлис, А. Таусоғарова, Б. Райымбикова, Ф. Жақсыбаева, Ж. Қайшығұлова, М. Ахметова, Ғ.Қ. Иманалиева «Мәтін линг-

вистикасы: мәтінді эмоционалды мазмұнына қарай талдау», Б.Н. Жұбатова, А.К. Ахметбекова «Мәтін лингвистикасының негіздері: оқу құралы», Г. Әбікенова «Мәтін лингвистикасының мәселелері», Ж.М. Қоңыратбаева «Мәтін лингвистикасының көркемдік поэтикалық құрылымы», Н.У. Сайбекова «Мәтін лингвистикасы және диалогтық сөйлеудің маңызы», Г. Смағұлова «Мәтін лингвистикасының кейбір мәселелері: мәтіндік деңгей және мәдениет», М.К. Ахметова «Мәтін лингвистикасы: оқу-әдістемелік құрал», Ж.С. Таласпаева «Мәтін лингвистикасы: оқу-әдістемелік құрал» және т.б. ғалымдардың мәтін лингвистикасына байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстары бар.

Қазіргі уақытта мәтін лингвистикасының дамып келе жатқан бірнеше бағытын ажыратуға болады. Сол бағыттардың нәтижесінде өзекті мәселелер көтерілді. Бағыттардың қазіргі таңдағы өзекті тұстарының біршама нұсқаларын топтадық:

1. Мәтінді жоғары дәрежелі жүйе ретінде зерттеу оның негізгі белгілері тұтастық пен үйлесімділік.

2. Коммуникативті параметрлер және олармен байланысты лингвистикалық белгілер бойынша мәтін дердің типологиясын құру (өрнек жоспары мен мазмұн жоспарының бірлігінде кеңінен түсініледі).

3. Мәтінді құрайтын бірліктерді зерттеу.

4. Арнайы мәтіндік санаттарды анықтау.

5. Мәтіннің ықпалымен әртүрлі деңгейдегі тілдік бірліктердің жұмысының сапалық ерекшелігін анықтау, оларды мәтін мен біріктіру нәтижесінде.

6. Мәтіндердің адаптациялануы мен трансформациялануы.


7. Фразааралық байланыстар мен қатынастарды зерттеу, – тұжырымдарын келтіре аламыз. Осы бағыттарды бірнеше бөлімнің нәтижесі ретінде қарай аламыз. Бөлімдерді қарауда неміс лингвисті П. Хартманн бөліп көрсетеді. Ол үш бөлім туралы айтады: 1) мәтіннің жалпы лингвистикасы; 2) нақты мәтіннің лингвистикасы; 3) мәтін типологиясының лингвистикасы; деп тұжырым жасаса, белгілі неміс ғалымы Э. Косериудың пікірінше, мәтін лингвистикасы құрылымдық-функционалдық және генеративті-трансформациялық лингвистикамен қатар

лингвистикалық ойды дамытудың үш негізгі бағытының бірі болып табылады деген тұжырым келтіреді (Косериу, 1977: 6).

Мәтінге байланысты анықтама жан-жақты қарастырылып, түрлі нұсқада ұсынылып жүр. И.Р. Гальпериннің «Мәтін лингвистикалық зерттеу нысаны ретінде» кітабында «Мәтін – бұл жазбаша құжат түрінде объективтендірілген, осы құжаттың түріне сәйкес әдеби өңделген, атаудан (тақырыптан) және бірқатар ерекше бірліктерден (фразалық бірліктерден) тұратын, аяқталуы бар, рефлексиялық үдерістің туындысы. лексика, грамматика, логика, стилистика сынды бағыттарындағы байланыстың әртүрлі түрлерімен біріктірілген. Мәтін – белгілі бір фокус пен прагматикалық көзқарасы бар жұмыс», – деген ғылыми пікір қалдыра білді (Гальперин, 1981: 18).

Мәтін шындықты көрсетіп қана қоймай, ол туралы да хабарлайды. Мәтіннің семантикасы номинативті және коммуникативті компоненттерді қарастырады. Мәтінде коммуникативті, когнитивті (танымдық) және эмоционалды функциялар қиылысады. Жоғары коммуникативті тұтастық ретінде мәтін жабық және ашық жүйе болып табылады. Мәтіннің маңызды белгілеріндегі жабықтығы, бұл – шектеу және толықтық. Объективті шындықтың бір түрі ретінде мәтін оны жасайтын және қабылдайтын субъектінің санасынан тыс белгілі бір параметрлерде болады. Бұл мағынада ол тыныштық күйімен сипатталатын жабық жүйені білдіреді. Алайда, «мәтін» ұғымы мұнымен шектелмейді. Мәтін хабар алушының санасында және бірлесіп құру үдерісінде өзектендіріледі: оқырман мәтінді игерген кезде оларға берілетін ақпарат көлемі үнемі өзгеріп отырады. Бұл мағынада мәтін қозғалыс күйімен сипатталатын ашық жүйе болып табылады.

Мәтіннің типологиялық белгілері шеңберінде оның онтологиялық мәртебесі және онда пайда болған эпистемологиялық жағдайдың сипаты ерекше орын алады. Бұл лингвистикалық теорияның негізгі сұрақтары, олар әдетте тілдің басқа деңгейлерінің бірліктеріне қолдануда қарастырылады. Біз мәтінді сапалы жаңа білім ретінде, лингвистикалық зерттеу пәні болып табылатын жоғары дәрежелі бірлік ретінде қарастыратындықтан, бұл мәселелер мәтінге қолдануда да қамтылуы керек (1-сурет).



1-сурет – Мәтін категориялары.

Дәстүрлі лингвистикалық категориялар мен ұғымдарды зерттеуде мәтіннің құрылымдық жүйесі өңделіп, жаңа жүйелер енгізілді. Соның нәтижесінде антропоцентристік парадигманың негізінде мәтін лингвистикасын зерттеудің негізгі себептері төменде көрсетілген:

– лингвистикалық теорияның пайда болуы мәтін XX ғасырдың 50-60 жылдарынан басталады. 60-жылдардың аяғынан бастап. мәтіннің лингвистикасы мәтіннің қарама-қайшы анықтамасы жағдайында дамыды;

– XX ғасырдың 60-70 жылдарында мәтін жөніндегі ілім жеке лингвистикалық пәнге айналғандығы белгілі болды. Сол пәннің ішінде ол филологиялық дәстүрлерді, мәтін грамматикасын, стилистикасын, мәтін теориясын және ең негізгісі мәтін лингвистикасын және т.б бейнеледі;


– 80-90 жылдары XX ғ. мәтінді сөйлеу қарым-қатынасының тәуелсіз жоғары бірлігі ретінде қабылдаудың шоғырландырылған

қондырғысы жасалды. Төменнен жоғарыға қарай көзқарас айқын болды: сөйлем деңгейінен мәтінге дейін сөйлемдердің біртұтас жиынтығы ретінде;

– мәтіннің заманауи лингвистикасының басты бағыты-белсенді түрде шығарылатын ауызша, жазбаша және электронды речешанрлық шығармалардың (медиа мәтін, гипермәтін, гиперсілтемелер, медиа дискурс, компьютерлік дискурс, саяси және бұқаралық медиа дискурс) кең спектрі.

Мәтін теориясын дамытудың пәнаралық векторлары. Жаңа ғасырдағы мәтін ғылымының жай-күйі мен даму перспективалары туралы ойлауға сүйене отырып, зерттеудің жаңа жағдайларында біз мыналарды ескеруіміз керек. Мәтіннің лингвистикасын қалыптастыру және кеңейту әлі күнге дейін оның нысанының мәні туралы пікірталастармен бірге жүреді. Алғашқы жылдары пікірталастар оппозицияға бағытталды (2-сурет).





2-сурет – Мәтін туралы пікірлер.

Алайда кейін мәтінге байланысты тұжырымдар бір жүйеге келді. Қазіргі таңда мәтін лингвистикасы адамның коммуникативті және сөйлеу әрекеттерімен айналысатын барлық зерттеушілердің теориялық және практикалық тұрғыда да қызығушылықтарын тудыруда.

Мәтін лингвистикасы – әртүрлі парадигмаларда жұмыс істейтін, әртүрлі тілдік және сөйлеу құбылыстарын зерттейтін лингвист ғалымдардың қызығушылықтарын біріктіретін сала. Бірақ тіл зерттеушілері үшін мәтін зерттеу материалы қызметін атқарса, социолингвистер мен психолингвистер үшін адам санасының терең тетіктерін ашып көрсету құралы болса, мәтін лингвистері үшін мәтін зерттеу нысаны болып табылады. Бұл жағдайда қарастырылатын пән сөйлеу жұмысының жекелеген аспектілері болып табылады: мазмұн немесе форма жоспарының ерекшеліктері жүйеленді. Оның онтологиясындағы синхронды кесіндімен қатар, диахрондық кесінді қарастырылды. Объективті және субъективті сипаттамалар негізделді. Типтік және жеке нұсқада мәдениет фактісі ретінде, я болмаса мәтін негізінде тұлғаның жеке санасының формасы ретінде жүйеленеді.

Қазіргі тіл білімінің негізгі парадигмасының өзгеруі және тілдік құбылыстарды зерттеудің басым бағыты ретінде қарастыруға антропоцентристік көзқарасты анықтау сөздік экспрессияның дәлдігі мәселелеріне жаңаша көзқараспен қарауға әкеледі.

Мәтін лингвистикасы «тілдің жинақталған бірліктерін» зерттеудегі дәстүрлі көзқарастарды жан-жақты қырларынан қарастырып келеді. Кез келген мәтін адам әрекетінің өнімі болып табылады (мәтіндік, когнитивтік, эмоционалдық). Адам әрқашан шындықты объективті түрде бейнелейді, ал мәтіннің ішкі құрылымы дүниеге осы біржақты көзқарасты жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

### Қорытынды

Мәтін теориясы қазіргі таңда өзекті мәселелерді көтеріп келе жатыр. Соның дәлелі

ретінде теория мен практиканың қатар ұштауының нәтижесінде пайда болған мәтіндерді бейімдеу екінші тілді меңгеруде жақсы құрал болып табылады. Мәтін сияқты көпжақты жүйенің сипаттамасы қабылдау мен талдау әдістерінің түбегейлі жаңа жүйесін қосуды, сондай-ақ бұрын лингвистикадағы алынған нәтижелерді пайдалануды негіздейді. Қазіргі уақытта мәтіннің лингвистикасы ғылымның жаңа саласы ретінде әртүрлі бағыттағы ғалымдардың ерекше назарын аударады. Мақалада мәтін лингвистикасына негізделген теориялық тұжырымдар, мәтін лингвистикасының зерттеу нысанының практикалық жағының құндылығы аңғарылды. Лингвистикалық зерттеулердегі мәтіннің алғышарттары және мәтін теориясының қалыптасуы мен дамуының әртүрлі форматтары талқыланып келетіндігі көрсетілді.

Тіл білімінің дербес саласы ретінде қалыптасып, тілдік мәселелерлі теориялық тұрғыдан түсінудің тереңдігі бойынша әзірленген мәселелер ауқымының кеңдігі түсіндірілді. Осының нәтижесінде мәтін лингвистикасы мәтіннің әртүрлі аспектілерін зерттейтіндігі мақалада тұжырымдалды. Мәтін лингвистикасы тіл білімінің соңғы жылдардағы жетістіктері шоғырландырылған бірқатар сұрақтарды туындатады. Қазіргі тіл біліміндегі мәтінді зерттеудің кейбір өзекті аспектілерін зерттеуді қажет деп табады.

Мәтін лингвистикасына байланысты жинақталған ақпараттардан шетелдік ғалымдардың еңбектері мәтіннің құрылымы мен семантикасын, оның формализациясын, мәтіннің жалпы мәселесін, мәтінді негізгі категория ретінде қарап, сөйлемнің функционалдық перспективасы тақырыбында мәтінге байланысты және т.б. зерттеу жұмыстарын жүргізгендіктері сарапталды. Ал отандық ғалымдардың зерттеулері мәтінге байланысты анықтамаларға кең көлемді түсінік беріп, мәтінді эмоционалды мазмұнына қарай талдау мәселесін, көркемдік-поэтикалық құрылымын, мәтін лингвистикасы және диалогтық сөйлеудің маңызы тұсын, мәтін лингвистикасының мәтіндік деңгейін және

т.б. қырларын қарастырып келеді. Қазіргі таңда мәтін лингвистикасы қазақ тіл білімінде өзекті мәселелерді көтеруде. Осы талдамаларды жасау барысында қазақ тілі мәтіндерін адаптациялау және трансформациялау мәселесіне байланысты зерттеу жұмыстарының тапшы екендігі байқалды.

Қазақ тіліндегі мәтіндерді бейімдеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындай отырып, нәтижелерін қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда қолдануға ұсыну. Мәтіндерді бейімдеу проблемасы әлемдік тіл білімінде бұрыннан көтеріліп келе жатқан мәселе, оның ішінде қандай да бір тілді шет тілі ретінде оқыту ісінде қолдану маңызды болып саналады.

Қазақ тіл білімінде мәтіндерді бейімдеудің жолдары мен тәсілдерін, қазақ тілінің табиғатын ескере отырып, ғылыми-теориялық, практикалық тұрғыдан зерттеу өзекті мәселе деп есептейміз.

Коммуникативтік тұрғыдан сәтті бейімделген мәтін құрастыру – күрделі, кешенді міндет болып табылады, оны шешуде оқырманның жас ерекшелігін, әлеуметтік, ұлттық мінез-құлқын, оның тілдік біліктілік деңгейін ескеру қажет. Бір аудиторияға бағытталған мәтіндер екіншісіне

өзекті болмауы мүмкін, түпнұсқа мәтін адресаттың коммуникативтік мүмкіндіктерін ескере отырып трансформациялануы қажет, яғни лингвистикалық тұрғыдан бейімделген болуы тиіс. Коммуникативтік тұрғыдан сәтті бейімделген мәтін құрастыру – күрделі, кешенді міндет болып табылады, оны шешуде оқырманның жас ерекшелігін, әлеуметтік, ұлттық мінез-құлқын, оның тілдік біліктілік деңгейін ескеру қажет. Бір аудиторияға бағытталған мәтіндер екіншісіне өзекті болмауы мүмкін, түпнұсқа мәтін адресаттың коммуникативтік мүмкіндіктерін ескере отырып трансформациялануы қажет, яғни лингвистикалық тұрғыдан бейімделген болуы тиіс. Біздің мәтін лингвистикасында қарастыратын зерттеу жұмысымыз алдағы уақытта: қазақ тілі мәтіндерінің адаптациясы мен трансформациясы болып табылмақ.

*Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қаржыландырады (грант №АР19679918 «Қазақ тіліндегі мәтіндерді бейімдеу: әдіснамасы, амал-тәсілдері, тіл үйретуде қолданылуы»).*

#### Әдебиеттер

- Қазақ тілі: Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. – 509 б.
- Тураева З.Я. Лингвистика текста (текст: структура и семантика). – Москва: Просвещение, 1986. – 127 с.
- Новиков А.И. Семантика текста и ее формализация. – Москва: Наука, 1983. – 215 с.
- Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – 2-е. Изд. – Москва: Искусство, 1986. – 445 с.
- Колшанский Г.В. Контекстная семантика. – Москва: Наука, 1980. – 152 с.
- Сусов И.П. О двух путях исследования содержания текста // Значение и смысл речевых образований. Межвузовский тематический сборник. – Калинин, 1979. – С. 90-103.
- Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – Москва: Наука, 1981. – 139 с.
- Бахтин М.М. Проблема текста в лингвистике, филологии и других гуманитарных науках.— Эстетика словесного творчества. – Москва, 1979. – 281 с.
- Шмидт З.Й. «Текст» и «история» как базовые категории // Новое в зарубежной лингвистике. – Москва, 1978. – № 8. – С. 54.
- Вейнрих Х. Текстовая функция французского артикля // Новое в зарубежной лингвистике. – Москва, 1978. – №8. – С. 371.
- Hartmann P. Text als Linguistisches Objekt // Beitrage zur Textlinguistik. – Miinchen, 1971. – P. 9-29.
- Хэллидей М.А.К. Место «функциональной перспективы предложения» (ФПП) в системе лингвистического описания // Новое в зарубежной лингвистике. – Москва, 1978. – №8. – С. 139.
- Косериу Э. Современное положение в лингвистике // Известия АН СССР. Серия литературы и языка, 1977. – № 6. – С. 6.
- Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – Москва: Наука, 1981. – 18 с.

#### References

- Qazaq tili: Enciklopediya (1998) [Kazakh language: Encyclopedia]. Almaty: Ministry of Education, Culture and Health of the Republic of Kazakhstan, Institute for Development of Kazakhstan. (in Kazakh)
- Turaeva, Z.Ya. (1986) Lingvistika teksta (tekst: struktura I semantika) [Text linguistics (text: structure and semantics)]. Moscow. (in Russian)
- Novikov, A.I. (1983) Semantika teksta i ee formalizaciya [Semantics of the text and its formalization]. Moscow. (in Russian)

- Bakhtin, M.M. (1986) *Ectetika slovesnogo tvorchestva* [Aesthetics of verbal creativity. 2nd Ed]. Moscow. (in Russian)
- Kolshansky, G.V. (1980) *Kontekstnaya semantica* [Contextual semantics]. Moscow. (in Russian)
- Susov, I.P. (1979) *O dvukh putyakh issledovaniya sodержaniya teksta* [On two ways to study the content of the text] Kalinin. (in Russian)
- Galperin, I.R. (1981) *Tekst kak obekt lingvisticheskogo issledovaniya* [Text as an object of linguistic research]. Moscow. (in Russian)
- Bakhtin, M.M. (1979) *Problema teksta v lingvistike, filologii i drugikh gumanitarnikh naukakh* [The problem of text in linguistics, philology and other humanities]. Moscow. (in Russian)
- Schmidt, Z.Y. (1978) "Tekst" i "Istoriya" kak bazovye kategorii ["Text" and "history" as basic categories], Iss.8.
- Weinrich, X. (1978) *Teksrovaya funkciya francuzskogo artiklya* [The text function of the French article], 8, 371
- Hartmann, P. (1971). *Text als Linguistisches Objekt // Beitrage zur Textlinguistik*. Miinchen. P. 9-29.
- Halliday, M.A.K. (1978) *Mesto "funkcionalnoi perspektivi predlozheniya"* [The place of the "functional perspective of the sentence" (FPP) in the system of linguistic description]. Iss. 8.
- Koseriu, E. (1977) *Sovremennoe polozhenie v lingvistike* [The current situation in linguistics Academy of Sciences. Literature and Language Series], Iss.6. P. 6.
- Galperin, I.R. (1981) *Tekst kak obekt lingvisticheskogo issledovaniya* [Text as an object of linguistic research]. Moscow. (in Russian)